

**Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № А-3/137 "2013 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыш пен гербицид түрлерін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № А-6/270 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 9 тамызда № 3792 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппараты басшысының 2014 жылғы 28 тамыздағы № 15-14/13053 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппараты басшысының 28.08.2014 № 15-14/13053 хатымен)

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2013 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыш пен гербицид түрлерін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № А-3/137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 3701 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 сәуірде «Арқа ажары» газетінде және 2013 жылғы 20 сәуірде «Акмолинская правда» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Р. Қ. Әкімовке жүктелсін.

3. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Қ.Айтмұхаметов*

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

Облыс әкімдігінің  
2013 жылғы 3 шілдедегі  
№ А - 6 / 270 қаулысына

1-қосымша

Облыс әкімдігінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ А - 3 / 137 қаулысына

1-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары**

р/с №	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидия нормасы, теңге
1	Аммофос (N-10%;P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -46%)	тонна	50	45 000
2	Қарапайым суперфосфат (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -19%)	тонна	50	24 500
3	Сульфоаммофос (N-18%; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -18%; S-17%)	тонна	50	34 250
4	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28 900
5	Хлорлы калий (K <sub>2</sub> O-42%; KCL-65%)	тонна	50	32 500
6	Күкіртқышқыл калий (калий сульфаты) (K <sub>2</sub> O-53%)	тонна	50	77 500
7	Фосфорит ұны (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -17%)	тонна	50	8 210
8	«В» маркалы суперфосфат (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -15%)	тонна	50	21 281
9	«Б» маркалы «МЭРС» микротыңайтқышы	литр	50	6 000
10	«Биобарс» биотыңайтқышы (N-10%; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -3,3% K <sub>2</sub> O-10%; CaO-0,3%; Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub> -0,3%)	литр	50	2 500
11	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	50	17 960
12	Байытылған суперфосфат (P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -21,5%)	тонна	50	18 000
13	Азотты-фосфорлы, калийлі тыңайтқыштар (тукокспалар НРК)	тонна	50	49 000

Облыс әкімдігінің  
2013 жылғы 3 шілдедегі  
№ А - 6 / 270 қаулысына

2-қосымша

Облыс әкімдігінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ А - 3 / 137 қаулысына  
2-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары**

р/с №	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялар нормас теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	24 300
2	Нитроаммофоска (N-15%:P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -15%: K <sub>2</sub> O-15%)	тонна	30	27 900
3	АФТ (азотты-фосфорлы тыңайтқыш N-28%:P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -1%)	тонна	30	14 400
4	КАС (сұйық тыңайтқыш N-27-33%)	литр	30	13 500
5	Капролактамы аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	30	13 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК